# ЦИКЛОГРАММА

*II апта (7-11 ақпан 2022 ж.)*

«Айгөлек» ересек және ортаңғы тобы

**Өтпелі тақырып:**«Қызықты қыс мезгілі!»

**Мақсаты:**Қыстағы табиғат құбылыстарын,оның өзгерістерімен және қыстың қызықты мерекелерін біледі.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>«Денсаулық»<br>«Қатынас»<br>«Шығармашылық» | Сейсенбі<br>«Денсаулық»<br>«Қатынас»<br>«Таным» | Сәрсенбі<br>«Таным»<br>«Шығармашылық»<br>«Қатынас» | Бейсенбі<br>«Денсаулық»<br>«Қатынас»<br>«Денсаулық» | Жұма<br>«Таным»<br>«Шығармашылық»<br>«Әлеумет» |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. | | | | |
| Ата – аналармен әңгімелесу | Қабылдау ережелері, демалыс күндерін өткізу дәстүрлері т.б. бойынша ата-аналармен пікірлесу;<br>Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - балабақша туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу;<br>Балалардың өсуі мен дамуы үшін отбасында жасалынған жағдай жөнінде әңгімелесу;<br>Балаларды үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу мәселелері, озық іс-тәжірибелер бойынша әңгімелесу;<br>Өзін – өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлесу, пікірлесу | | | | |
| Ойындар (үстел-үсті, саусақ және т.б. ) | **«Көңіл күйді көрсет»**<br>**Ойынның шарты:**<br>Ағашқа балалар дөңгелектерді іле отырып, көңіл күйлерін білдіреді.<br>Жақсы көңіл-күй – қызыл түс.<br>Орташа көңіл-күй – көк түс.<br>Көңіл-күйі болмаса-сары түс.<br>(Еркін ойын) | **«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»**<br>**Ойынның шарты:**<br>Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. (Тәрбиешінің жетекшілігімен) | **Үстел үсті ойыны:** бөліктерін құрастыру<br>(Тәрбиешінің жетекшілігімен) | **«Төрт құбылыс»**<br>Балалар шеңбермен тұрады. Тәрбиеші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады.<br>(Тәрбиешінің жетекшілігімен) | **Үстел-үсті ойыны** – «Сиқырлы таяқшалар»<br>Таяқшалардан түрлі бейне, геометриялық пішіндер жасау.<br>(Еркін ойын) |
| Таңертеңгі гимнастика (5-7 мин) | Музыка әуенімен таңертеңгілік жаттығулар кешені. Қазақстан Республикасының гимн орындау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | **«Сиқырлы дорба»** **Мақсаты:** ұсақ қол моторикасын дамытады. Дорба ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтайды.(Еркін ойын) | **«Балабақша ойыншықтарымен еркін ойын»** **Мақсаты:** топ балаларымен жақсы қарым-қатынаста болуға үйренеді. | **«Себетке жина»** **Мақсаты:** көкөніс пен жемістерді ажырата алады. Екіге бөлініп себетке жинайды. (Тәрбиешінің жетекшілігімен) | **«Пішіндерді ойықтарға орналастыр»** **Мақсаты:** ойлау қабілеттерін дамытады, пішіндерді атайды. (Тәрбиешінің жетекшілігімен) | **«Дәл осындай пішінді тап»** **Мақсаты:** геометриялық пішіндерді біледі, ұқсастықтарын атайды. (Тәрбиешінің жетекшілігімены) |
| Ұйымдастырылған оқу қызметтері Бала үні 4к моделі<br><br>Ойындар -тәрбиешінің жетекшілігімен ойын -құрылымдалған ойын -Еркін ойын | **Дене шынықтыруТақырыбы:**Еңбектеу,секіру.50см .жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см).Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ысқырық, ойынға қажетті заттар **Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру **Қимылды ойын:** «Күн мен түн» **Шарты:**тәрбиеші «күн» дегенде балалар секіреді, жүгіреді. «түн» дегенде | **Дене шынықтыруТақырыбы:**Еңбектеу,лақтыру. 50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Қапшықты оң және сол қолымен көлдененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см).**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ысқырық, ойынға қажетті заттар; **Әдіс-тәсіл**: көрсету, түсіндіру;**Қимылды ойындар:** «Толқиды теңіз» | **Жаратылыстану Тақырыбы:**«Үй жануарлары қандай?»**Мақсаты:** Үй жануарларының сыртқы келбеті, қозғалу және қоректену тәсілдері туралы түсініктерін білді.**Қолданылатын көрнекі құралдар:** үй жануарлары түрлері, суреттер; **Әдіс-тәсіл:** түсіндіру, әңгімелесу;**Дидактикалық ойын:** «Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырат» **Ойын шарты:**Тақтаға екі бала шығып үстел үстінен жануарлардың суретін алып, үй жануарларын үйдің, ал жабайы жануарларды орманның астына екі топқа бөліп | **Дене шынықтыруТақырыбы:** 50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру.<br><br>20-25см.биіктікке секіру.**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру **Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ысқырық **Қимылды ойын:** «Допты қуып жет»**Шарты:**Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып,балалардан | **Қоршаған ортаТақырыбы:**«Құстың ұясы»**Мақсаты:** Ересектердің еңбегі туралы білімдерге ие болды және құрметпен қарайды.Балалардың жұмыстарын қарап мадақтау, оқу іс-әркетін қорытындылау<br><br>**Мүсіндеу Тақырыбы:**«Қонжық» **Мақсаты:** Қонжықтың мүсінін жасаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеуді біледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындарына отырады<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:**сапқа тұруды;<br>**Игереді:**орнынан секіруді;<br>**Меңгереді:**бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Үй жануарлары мен төлдері»**Мақсаты:**Тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып, балалар бір-бірімен қарым қатынасқа түсе алады.**Қолданылатын көрнекі құралдар:** үй жануарлары мен төлдері суреті**Әдіс-тәсіл:** көрсету, әңгімелесу;<br>**Дидактикалық ойын:** «Айырмашылығын тап»<br><br>**Шарты:**балалардың сөздік қорын дамыту мақсатында, екі сурет арасындағы айырмашылықты табады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:**жыл мезгілін | **Шарты:** Балалар ойын алаңында айналып жүреді:<br>«Толқиды теңіз бір,<br>Толқиды теңіз екі,<br>Толқиды теңіз үш,<br>Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады. Тәрбиеші белгісі бойынша:«Толқын мұз болып»-дегенде балалар қозғалмай қалу керек.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** еңбетеуді;<br>**Игереді:** оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру.<br>**Меңгереді:** тепе-теңдікті сақтауды.<br><br>**Математика негіздеріТақырыбы:** «Үй жануарлары»**Мақсаты:** Жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттарды топтастыра алады. Пішінін, көлемін ажыратады.**Қолданылатын көрнекі құралдар:** көлеміне қарай түрлі суреттер;<br>**Әдіс-тәсіл:** салыстыру, түсіндіру; | орналастырады.**Күтілетін нәтиже: Біледі:** Жыл мезгілдерін; **Игереді:** үй жануары мен жабайы жануарлар айырмашылығын;<br>**Меңгереді:** табиғат ерекшеліктерін бақылауды;<br><br>**МузыкаТақырыбы:**«Қызықты қыс мезгілі!»**Мақсаты:** Балаларға орманда жабайы аңдар мекендейтіні туралы түсінік беру. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу | алысқа,әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, допта сонша болу керек.Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп,кәрзеңкеге салуы тиіс.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** биіктікке секіруді;<br>**Игереді:** дәлдеп секіруді;<br>**Меңгереді:**тепе-теңдікті сақтауды;<br><br>**Көркем әдебиетТақырыбы: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісіМақсаты:** Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалау. Ертегі желісін ретімен орындай алады**Қолданылатын көрнекі құралдар:** әдеби кейіпкерлер;<br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру; | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біледі;<br>**Игереді:**сурет арқылы әңгіме құрайды;<br>**Меңгереді:** бір-бірімен қарым-қатынасқа түсе алады;<br><br>**Сурет салуТақырыбы:**«Қоян»<br>**Мақсаты:** Жануарларды олардың ерекшеліктерін ескере отырып сурет салуды білді.**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қоян мен түрлі жануарлар суреті.<br><br>**Әдіс-тәсіл:**көрсету, түсіндіру;<br>**Дидактикалық ойын: «Ақ қоян»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. **Ойын шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян - ау, ақ Орныңнан тұрсаңшы Шашыңды тарасаңшы Бетіңді жусаңшы Әй - | **Дидактикалық ойын:** «Төлін тап»<br>**Шарты:** үй жануарлары мен төлдері туралы білімдерін бекітеді, төлдерін атайды, ажыратады;<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** үй жануарларды;<br>**Игереді:**Жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттарды топтастыра алады.<br>**Меңгереді:** пішінін, көлемін ажыратады, үлкен-кішіні салыстыруды. | | **Дидактикалық ойын:**«Сиқырлы дорба»**Шарты:** ұсақ қол моторикасын дамытады. Дорба ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтайды.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** үй және жабай жануарларды;<br><br>**Игереді:** ертегі мазмұнын;<br>**Меңгереді:**ертегіні сомдауды;<br><br>**МузыкаТақырыбы:** «Қызықты қыс мезгілі!» **Мақсаты:** Төменгі және жоғарғы дыбыстарды ажырата білу дағдыларын қалыптастырып дамыту. Музыка арқылы балаларды табиғатты қорғауға шақырып тәрбиелеу.<br><br>**Вариативтік бөлім:** «Шынықсаң шымыр боларсың»<br>**Тақырыбы:** «Допқа арқасымен жатып | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әй көйлек кисеңші.<br>Біреудің қолын үзсеңші<br>- Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** түстерді біледі;<br>**Игереді:** үлгі бойынша пішіндерді салады;<br>**Меңгереді:** қоянды бейнелей алады;<br><br>**МузыкаТақырыбы:**« Қызықты қыс мезгілі!»**Мақсаты:** Балаларға орманда жабайы аңдар мекендейтіні туралы түсінік беру. Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу | | | жаттығулар орындау. Фитбол»<br>**Мақсаты:** дененің серпімділік қасиетін арттыру.<br>**Қолданылатын көрнекілік құралдары:**<br>Доп<br>**Әдіс-тәсіл:** көрсету, үйрету;<br>**Қимылды ойын:** «Фитбол добымен эстафета»<br>**Шарты:** Балалар екі топқа бөлініп фитбол добымен секіріп жарысады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Біледі:** жаттығу түрлерін,<br>**Игереді:** доппен жаттығу түрлерін;<br>**Меңгереді:** фитбол добымен секіруді; | |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуендеу Бақылау | Жыл мезгілінің картотекасы №1 Жаңбырды бақылау **Қимылды ойын:** «Балық» ойынын ойнау. Балалар шапшаңдыққа үйренеді. | Жыл мезгілдерінің картотекасы №3 Жапырақтардың түсуін бақылау **Еңбек:** балабақша ауласын сыпыру,жерге түскен жапырақтарды жинау. Үлкендерге көмектесу. **Қимылды ойын:**«Ұшты-ұшты» | Жыл мезгілдерінің картотекасы №6 Желді бақылау **Еңбек:** Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау. **Қимылды ойын:**«Зырылдауықпен ойнау» | Жыл мезгілдерінің картотекасы №7 Бұлтты бақылау **Еңбек:** Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату. **Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» | Күзгі картотека №4 Жәндікті бақылау**Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. **Қимылды ойын:**«Аксерек-көксерек» |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| Түскі ас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, ас ішу мәдениетін сақтау. | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ертегі оқып беру. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары | Фитбол добымен жаттығу | Табанға арналған массажды кілемшеде жүру | Төсек үсті жаттығулар мен өзін - өзі массаж | Ойын түріндегі массаждар | Әр түрлі массажды құралдарды пайдалану арқылы жаттығу жасау |
| Бесін ас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет Бақылау | **Дидактикалық ойын «Не қайда тұрады?»** (Тәрбиешінің жетекшілігімен) **Мақсаты:** Ойын арқылы балалардың тілі, ой-өрісі дамиды. | **«Менің ойыншығым»**(Фото сурет құрастыру.) Тәрбиешінің жетекшілігімен **Мақсаты:** Тұтас затты 2 бөліктен құрастырады. | **Сыңарын тап.» ойыны»** Тәрбиешінің жетекшілігімен **Мақсаты:** Суреттердің екінші сыңарын тауып береді. | **Үстел- үсті ойыны** Бірдей ойыншықты тап! (Құрылымдалған ойын) **Мақсаты:** Ұқсас ойыншықтарды топтастырады | **Үстел үсті ойыны:** «Көңілді таяқшалар» (Тәрбиешінің жетекшілігімен ) **Мақсаты**: Таяқшаларды пайдаланып түрлі қимылдарды қайталайды. |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| Серуен | Күзгі картотека №7 Құмдағы іздерді | Күзгі картотека №9 Күз мезгіліндегі желді | Күзгі картотека №8 Жерге түскен | Күзгі картотека №3 Бұлтты бақылау | Күзгі картотека №4 Жәндікті бақылау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақылау | бақылау | жапырақтарды бақылау | | |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Сабырға Түстерді дұрыс атауды, ажыратуды үйрету. | Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Данияр мен Айқынға заттардың атауын дұрыс атауға үйрету. | Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Самира би ырғағына сәйкес дұрыс қимылдауға үйрету. | Жеке баламен жұмыс Мақсаты: Оразбекке сурет оқу қызметі бойынша, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету. | Жеке баламен жұмыс: Шұғылаға қолының икемділігін дамыту үшін саусақ жаттығуын қайталату. |
| «Тұтас бала бейнесі» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың күн тәртібін ұйымдастыру» | Ата-аналарға кеңес: «Баланың балабақшаға уақытында келуге бейімделуі» | Ата-аналарға кеңес: Баланың өзіне киінуіне мүмкіншілік беру. | Ата-аналарға кеңес: «Үй жағдайында өз ойыншықтарын жинауға бейімдету» | Ата-аналарға психологтың кеңесі: «Бала неге жылайды?» |